

ҚАРА ҚАЗАН – ҚАЗЫНАҢ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ОРАЗА – ЖҮРЕК АМАЛЫ

6-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ



№19
(4917)
Сейсенбі
17 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



Италияда өтіп жатқан қысқы Олимпиада ойындарында қазақстандық Михаил Шайдоров алтын медаль жеңіп алды. Чемпионды алғашқылардың бірі болып Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады.

ТАРИХИ ЖЕҢІС!

Президент атлеттің отандық спорт тарихында мәнерлеп сырғанаудан тұңғыш рет алтын медаль иеленуін тарихи маңызы зор жетістік ретінде атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровқа жоғары шеберлігі, жеңіске деген ерік-жігері үшін алғыс айтты. Мемлекет басшысы барша спортсүйер қауым мен ел азаматтары спортшының айтулы жетістігін мақтан тұтатынын жеткізіп, Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ жаттықтырушыларға, конькимен мәнерлеп сырғанау федерациясына және тиісті министрлікке атқарған жұмысы үшін ризашылық білдіріп, Олимпиада чемпионына толайым табыс пен жеңіс тіледі.

Михаил Шайдоров қысқа бағдарламадан кейін 5-орында тұрған. Жүлдеге ілігу үшін қарсыластарынан 9,6 ұпай айырмашылықты қуып жетуі керек еді.

Ал еркін бағдарламада Шайдоров төрттік лутцте аздап мұлт кеткенімен, қалғанын таза орындап шықты. Бұған дейін БАҚ оның төрттің орнына бес төрттік секіретінін жазып жатты. Бұл «бел кетеді, не белбеу кетеді» дегендей нағыз тәуекел еді. Дегенмен Михаил бірінші рет 5 реттік секіру элементін өте сәтті орындап шықты. Нәтижесінде ол жалпы есепте 291,58 ұпай жинап, жеке рекордын жаңартты. Шайдоровтың шешуші бағдарламасында Димаш Құдайбергеннің орындауындағы «Confessa, the Diva Dance» әуенімен өнер көрсеткені, бүкіл әлем жанкүйері алдында Қазақстанның мерейін тіптен асқақтатып жібергендей болды.

Екінші орынға үміткер жапониялық Юма Кагияма еркін бағдарламада бірнеше қателік жіберіп, қысқа бағдарламадан кейінгі 11 ұпайлық басымдығынан айырылды. Ал АҚШ-тың үміті, 2025 жылғы әлем чемпионы Илья Малинин шешуші сында екі рет құлап, жалпы есепте сегізінші орынға бір-ақ сырғыды.

Бұл алтын – Қазақстанның 2026 жылғы қысқы Олимпиададағы алғашқы медалі. Бұған дейін Қазақстаннан мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада жүлдесін алған жалғыз спортшы – Денис Тен болған еді, ол 2018 жылғы Сочидегі Олимпиадада қола жүлде иеленген. Қазақстандық шаңғышы В.Смирнов осыдан 32 жыл бұрын қысқы Олимпиадада ел қоржынына алғашқы алтын салған еді.

Италиядағы Олимпиада ойындары әлі жалғасуда. Михаил Шайдоровтың алтыны Қазақстанды жалпы есепте әзірге 15-орынға шығарып тұр.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан – Ресей сан қырлы қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын достық әрі өзара сенім сипатында талқылады.

Президенттер жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың дәйекті түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету жұмыстарына оң баға беріп, бірлескен ғылыми-білім беру бастамаларын ілгерілетудің маңызына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғанын тағы да растады.

Әңгімелесу барысында тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

КОАЛИЦИЯ САЙТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясын қолдау» жалпыұлттық коалициясының ресми сайты алдағы референдумға және Жаңа Конституция жобасына арналған.



Ресурс қазақстандықтарға ұсынылып отырған өзгерістердің мазмұнымен танысуға мүмкіндік беретін түсінікті әрі қолжетімді ақпарат алаңы ретінде әзірленді. Негізгі заң жобасының толық мәтіні referendum2026.kz сайтында жарияланды. Сонымен қатар мұнда өзекті материалдар, сарапшылардың пікірлері және Коалицияның өңірлердегі жұмысына қатысты жаңалықтар тұрақты түрде жарияланып отырады.

Платформаның құрылымы пайдаланушыларға ондағы мәліметтерді оңай бағдарлап, алдағы дауыс беруге қатысты сұрақтарына жауап табуға ыңғайлы етіп жасалған. Сайт ұсынылып отырған реформалардың мәнін жан-жақты түсініп, саналы шешім қабылдағысы келетін барлық азаматқа сенімді әрі тексерілген ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Мемлекет басшысының экономиканы әртараптандыру және технологиялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмаларына сәйкес елорданың энергетика, өнеркәсіп, шағын және орта бизнес, сондай-ақ заманауи спорттық инфрақұрылымдарды дамыту жобаларының жүзеге асырылу барысымен танысты. Үкімет басшысына Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордада Президент тапсырмасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. 2



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

№19 (4917) 17/02/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



ПРЕЗИДЕНТ БАЛУАНДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сумо спортының отаны Жапонияда зор жетістікке жеткен қазақстандық балуан Ерсін Балтағұлмен кездесті. Президент спортшының былтыр Император кубогында «маэгашира» атағын, яғни сумо балуандарының ең жоғары дәрежесін иеленіп, жарыс қорытындысы бойынша «Канто-се» (жауынгерлік рух) арнайы жүлдесін алуымен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған жүлде табандылық пен қажырлы еңбектің жемісі екеніне тоқталды. Сондай-ақ бүгінде шет мемлекеттерде елімізді әлемге танытып жүрген жастарымыздың көбейіп келе жатқанын, мемлекеттің таланттар мен спортты қолдауға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

«Жапонияға барған сапарымда сізді Императордан бастап қарапайым халыққа дейін бәрі танитынын, құрметтейтінін байқадым. Бұл – зор мәртебе. Жапонияда тұрсаңыз да қазақтың атын шығарып, еліміздің беделін биіктетіп жүрсіз. Сізге ерекше ризашылығымды білдіремін» деді Мемлекет басшысы.

Ерсін Балтағұл Президентке ілтипат көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, еліміздің жас спортшыларымен кездесуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

«Қазақстанның азаматы ретінде мақсатымыз еліміздің көк туын 120 миллионнан аса халқы бар Жапонияға таныту болатын. Осы бағыттан таймай, еңбек етіп келеміз. Сондай-ақ Италиядағы қысқы Олимпиада ойындарында алтын медаль иеленген отандасымыз Михаил Шайдоровтың айтулы жетістігімен Өзіңізді және барша қазақстандықтарды құттықтаймын» деді Ерсін Балтағұл.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев балуанға алдағы уақытта да халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, ел абыройын асқақтатуға және Қазақстан мен Жапония арасындағы достықты нығайтуға үлес қоса беруіне тілектестік білдірді. Президент спорт саласындағы елеулі еңбегі үшін сумошы Ерсін Балтағұлды II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

ЕЛОРДАНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ТЕКСЕРДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Астана қаласы бойынша жұмыс сапары барысында №3 жылу-электр орталығына (ЖЭО) барып, Президенттің Үкіметтің кеңейтілген отырысында алға қойған жаңа қуат көздерін жаңғырту және іске қосу жөніндегі міндеттері шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымның дамуын тексерді.

Үкімет басшысы табиғи газбен жұмыс істейтін №3 жылу-электр орталығының негізгі жабдықтарын қарап шықты. Оған биыл жобаның 1-кезегін толық аяқтап, 2-кезегін жүзеге асыру жоспарлары туралы баяндалды. Бүгінгі таңда жылу электр орталығы қаланың бұған дейінгі энергия тапшылығын толығымен жабады және өсіп келе жатқан қажеттіліктерді ескере отырып, артық қор қамтамасыз етеді. №3 жылу-электр орталығы сағатына 440 Гкал жылу өндіреді, ол Ш.Айтматов көшесі, Ұлы дала, Тұран даңғылдары бойындағы және тағы да басқа перспективалы құрылыс аудандарына беріледі.

Биыл нысанда көмірді резервтік жағдайға балама отын ретінде пайдалану мүмкіндігі бойынша жұмыстар аяқталады. Атап айтқанда, жанармай беру трактісін қайта себу тораптарымен және ұсақтау корпусымен біріктіру, теміржол стансасын инженерлік инфрақұрылыммен қосу жоспарлануда. Көктемде сыртқы және ішкі автомобиль жолдарын салу, аумақты абаттандыру және тағы да басқа жұмыстар жалғасады. Жобаның 2-кезегі шеңберінде жеке инвестицияларды тарту есебінен қуаты сағатына 500 МВт болатын бу-газ қондырғысын салу көзделген, бұл Астананы сенімді электрмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Елордада жылыту маусымын өткізудің штаттық режимі туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек баяндады. Қаланы сенімді жылумен қамтамасыз ету үшін үш жылу электр орталығы және екі газ жылу стансасы – «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» жұмыс істейді. Қаланың қарқынды құрылысына байланысты туындайтын перспективалық қажеттіліктерді ескере отырып, тағы бір «Тельман» газ жылу стансасының құрылысы жүргізілуде, оны пайдалануға беру 2027 жылға жоспарланған.

Энергетика министрі Ерлан Аққенженовтің айтуынша, Қазақстанда ағымдағы жылыту маусымы тұрақты өтуде. Жүргізілген ауқымды жөндеу жұмыстары 17 273 МВт генерацияға қол жеткізуге мүмкіндік берді, бұл алдыңғы жылыту маусымының деңгейінен 7%-ға жоғары. 9 жылу орталығы апат қаупі жоғары «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа, 3 жылу орталығы «сарыдан» «жасыл» аймаққа ауыстырылды.

Электр стансаларында 10 энергия блогы, 63 қазандық және 39 турбина жөнделді. 17 мың шақырым электр желілері мен 420 қосалқы стансаларды реконструкциялау аяқталды, 323 шақырым жылу желілері және тағы басқалары ауыстырылды, 3 жыл ішінде энергетика секторына 1 трлн теңгеден астам қаржы салынды. Электр қуатының тапшылығы 29%-ға төмендеді. Биыл 2,6 ГВт жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарлануда, жалпы алғанда, 2029 жылға қарай электр энергиясын өндіру 39 млрд киловатт-сағатқа ұлғаятын болады. Осы іс-шаралардың барлығы елдің энергетикалық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



Премьер-министр Олжас Бектенов Астана қаласы бойынша жұмыс сапары аясында Президенттің экономиканы әртараптандыру және технологиялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмаларына сәйкес елорданың негізгі индустриялық және цифрлық даму жобаларының жүзеге асырылу барысын тексерді. Өндірістік әлеуетті нығайтуға, заманауи технологиялық шешімдерді енгізуге және қаланың цифрлық жүйелерінің тұрақтылығын арттыруға ерекше назар аударылды. Елордада өнеркәсіп негізінен өңдеу секторынан тұрады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,4 трлн теңгеден асты. Өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі бөлігі №1 Индустриялық парк аумағында шоғырланған. Өндірістік портфель жалпы құны 333,3 млрд теңге болатын 137 жобаны қамтиды, онда 9 500-ден астам жұмыс орны қаралған.

Сапар барысында Премьер-министр «Автокомпоненты KZ» ЖШС-нің өрт сөндіру және арнайы техника мен аспалы жабдықтар өндіретін зауытының қызметімен танысты. Кәсіпорын 2025 жылдың қаңтар айында іске қосылған. Жобаны жүзеге асыруға 5,1 млрд теңгеден астам жеке қаражат бағытталды. Кәсіпорын Кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауына ие болды. Өндіріс директоры Александр Плужников зауыттың жобалық қуаты жылына 400 бірлік техникаға дейін жететінін хабарлады. Оның ішінде өрт сөндіру автоцистерналары, вахталық фургондар және коммуналдық-жол машиналары бар. Өнімдер Төтенше жағдайлар министрлігінің, коммуналдық қызметтердің және өзге де құрылымдардың қажеттіліктері үшін жеткізіледі. 2026-2028 жылдар аралығында қызметкерлер санын кезең-кезеңімен 200 адамға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Премьер-министрге өндірістік циклдің негізгі аймақтары таныстырылды. Қазіргі уақытта шығарылатын өнім түрлерін кеңейтуге және локализациялау деңгейін арттыруға бағытталған өндірістік желілерді дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Олжас Бектенов отандық машина жасау саласын индустрияландырудың және еңбек өнімділігі жоғары жұмыс орындарын құрудың негізгі драйверлерінің бірі ретінде дамытудың маңыздылығын атап өтті.

«Өңдеу өнеркәсібінің өсуі экономиканы әртараптандыруға және отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тікелей әсер етеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында атап өткендей, біз ел ішінде көбірек өнім өндіруіміз керек, нақты секторды нығайтып, тұрақты жұмыс орындарын құру қажет. Үкімет өз тарапынан өндіріс пен локализациялауды қамтамасыз ететін кәсіпорындарға инфрақұрылым, кадрларды даярлау және нақты тапсырыс тетіктері арқылы қолдау көрсетеді. Нәтиже неғұрлым көбірек өнім шығаруға, көбірек жұмыс орнын құруға және жоғары сапаға негізделуі керек» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр сондай-ақ Astana Smart City жобасын іске асыру аясында құрылған Деректерді өңдеу орталығына барды. Бұл – Қазақстандағы қалалық инфрақұрылым қажеттіліктеріне арнайы салынған алғашқы дата-орталық, ол халықаралық Presight компаниясы мен қала әкімдігінің серіктестігі негізінде ашылып отыр. Presight компаниясының өкілдері ДӨО негізінде қалалық ахуалдық орталықтың, бейнеталдау жүйелерінің, жасанды интеллект платформаларының және қалалық ортаны басқару жөніндегі цифрлық қызметтердің жұмыс істеп тұрғанын хабарлады. Дата-орталық халықаралық тұрақтылық және ақпараттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетіні атап өтілді. Нысанның инфрақұрылымы жоғары сенімділік деңгейін және аса маңызды цифрлық жүйелерді қорғауды қамтамасыз етеді, бұл – Astana Smart City жобасын дамыту мен қалалық ортаны одан әрі цифрландырудың маңызды элементі.

ӨНЕРКӘСІП НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Астана қаласы бойынша

№19 (4917) 17/02/2026 Сейсенбі

БАС ҚАЛАДАҒЫ ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ



Премьер-министр Олжас Бектенов Астана қаласы бойынша жұмыс сапары аясында шағын және орта бизнес саласындағы жобалармен, сондай-ақ заманауи спорт инфрақұрылымын дамыту барысымен танысты. Жұмыстар Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында және «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында берген тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету және бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмаларына сәйкес жүргізілуде. Сапар барысында ШОБ-ты қолдау шараларының тиімділігін арттыру, олимпиадалық резервті дайындау және жастарды жүйелі спортпен шұғылдануға тарту үшін заманауи спорт инфрақұрылымын құру мәселелеріне назар аударылды.

Олжас Бектенов «Тәп-тәтті» ЖШС-тің дайын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттар шығаратын зауытының өндіріс қуатымен танысты. Кәсіпорын басшысы Нұржан Сәрсенов Премьер-министрге технологиялық желілерді көрсетіп, ағымдағы көрсеткіштерді ұсынды. Кондитерлік, ұн және нан-тоқаш өнімдерін шығаратын зауыт заманауи жабдықтармен жарақталған. Жобалық қуаты жылына 5 мың тоннаға дейін жетеді. 200 жұмыс орны ашылған. Аралау кезінде ШОБ-ты дамыту және қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығы болып қала беретіні атап өтілді. Бүгінде елімізде ШОБ саласында шамамен 4,5 млн адам немесе экономикалық белсенді халықтың жартысына жуығы жұмыс істейді. Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін «Іскер аймақ» бағдарламасы жүзеге асуда. Сонымен қатар Үкімет бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп қосымша қаржылық және реттеу шараларын пысықтауда. «Бәйтерек» холдингі тарапынан өндірістерді жеңілдікпен қайта жарақтандыру бағдарламасы іске қосылды. Жаңа Салық кодексін енгізу бизнестің бұған дейінгі кезеңдерге тексеру жүргізбеу және биыл микро және шағын бизнеске жауапкершілік шараларын қолданбау туралы ұсыныстарын ескере отырып, жұмсақ форматта жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта Астанада 273 мыңнан астам ШОБ субъектілері жұмыс істеп тұр, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,1%-ға артық. Секторда 557,2 мың адам немесе қаланың экономикалық белсенді халқының 70%-ы жұмыс істейді. Елорда экономикасындағы ШОБ үлесі 74,4%-ды құрайды, бұл – республика бойынша ең жоғары көрсеткіш. 2025 жылдың 9 айында Астана ШОБ субъектілері 21,9% өсіммен 14,9 трлн теңгеге өнім өндіріп, қызмет көрсетті. Кәсіпкерлерді қолдау үшін 2025 жылы жергілікті бюджеттен 12,8 млрд теңге бөлінді: пайыз мөлшерлемесін төмендету бойынша 3 мыңнан астам жоба субсидияланды, 49 кредитке кепілдік, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне 24 грант берілді. Бұдан басқа, «Астана бизнес» жергілікті несиелендіру бағдарламасы жүзеге асырылуда, ол бойынша 3,6 млрд теңге сомасына 254 жоба мақұлданған.

Сондай-ақ Премьер-министр Астана қаласының орталық саябағында салынған жаңа шаңғы базасына барды. Қала әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан нысанның құрылысы 2025 жылдың сәуір айында басталып, 2026 жылдың қаңтарында аяқталғанын хабарлады. Екі қабатты ғимараттың жалпы ауданы – шамамен 2 мың шаршы метр, өткізу қабілеті бір ауысымда 300 адамға дейін жетеді. 30 жұмыс орны ашылған. Базаның инфрақұрылымына күштік қондырғылармен және мамандандырылған жабдықтармен, соның ішінде «Ercolina» тренажерімен жарақтандырылған кең жаттығу залы кіреді. Инновациялық жабдыққа ерекше назар аударылады: жыл бойы техниканы шынықтыруға және конькимен сырғанау техникасын имитациялауға, жылдамдық пен көлбеу бұрышты меңгеруге мүмкіндік беретін төзімділікті арттыруға арналған «Skate Treadmill RL3500E» кәсіби тренажері орнатылды. Тренажер жүктемелердің қарқынын дәл реттеуге және мамандардың бақылауымен қауіпсіз жаттығуларды ұйымдастыруға, прогрести объективті және жүйелі бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл әсіресе спортшыларды даярлауда маңызды. Сонымен қатар шаңғылар мен спорт жабдықтарын дайындау, сақтау және кептіру үшін үй-жайлар қарастырылған.



Олжас Бектенов заманауи спорт инфрақұрылымын дамыту елдің олимпиадалық әлеуетін нығайту міндеттерімен тікелей байланысты екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамытуға, салауатты ұрпақты тәрбиелеуге және жалпы ұлт денсаулығын нығайтуға ерекше назар аударады. Заманауи спорт инфрақұрылымы мен қолжетімді әрі сапалы база қалыптастырмай, мұны істеу мүмкін емес. Мұндай нысандардың құрылысы спортшыларды жүйелі даярлау және жастарымыздың әлеуетін ашу үшін негіз болмақ. Қазір Италияда Олимпиада ойындары өтіп жатыр және біз спортшыларымыздың жеңіске жетуі үшін жағдай жасаудың қаншалықты маңызды екенін көріп отырмыз, сондықтан мемлекет біздің спортшыларымызға ең жоғары деңгейде жаттығуға мүмкіндік беретін инфрақұрылымды дәйекті түрде дайындауда. Бұқаралық спорт пен олимпиадалық резервті қолдау – бұл ұлт денсаулығына және елдің халықаралық имиджіне салынған инвестиция» деп атап өтті Премьер-министр.

Жаңа шаңғы базасы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің, олимпиадалық резервті даярлау орталығының және жоғары спорт шеберлігі мектебінің тәрбиеленушілерін даярлаудың негізгі алаңына айналатыны атап өтілді. Шаңғы жарыстарынан бөлек, базада биатлон және спорттық бағдарлау да дамиды. Бастапқы кезеңде 15 жаттықтырушының жетекшілігімен шамамен 180 спортшы жаттығады, ал болашақта спортшылар санын 360 адамға дейін арттыру жоспарлануда. Мұнда спорт мектептерінің кәсіби студенттері ғана емес, сондай-ақ шаңғы спортының әуесқойлары да жаттыға алады. Бұқаралық спорт үшін қала тұрғындарына нысанның трассалары мен инфрақұрылымын ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік беретін жағдайлар жасалады. Жалпы республика бойынша бұқаралық спортты дамыту шеңберінде спорт инфрақұрылымы дәйекті түрде кеңейіп, азаматтардың жүйелі спортпен шұғылдануға тартылуы артып келеді. Халықтың спорт нысандарымен қамтамасыз етілу деңгейі 2023 жылғы 52,2%-дан 2025 жылы 59,6%-ға дейін өсті. Дене шынықтырумен және спортпен үнемі айналысатын халықтың үлесі 40,4%-дан 44,5%-ға дейін артты. Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Премьер-министр салалық министрліктер мен Астана қаласының әкімдігіне бірқатар тапсырма берді.

БАЛАЛАР ТРАВМАТОЛОГИЯСЫ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Елорданың Нұра ауданында тағы бір балалар травматология пункті ашылды. Жаңа травмпункт Хусейн бен Талал көшесі, 14 мекенжайындағы Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының базасында жұмыс істейді.



Қалалық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, 2025 жылдың соңында елордадағы балалар саны шамамен 561 мыңға жеткен. Сонымен қатар Есіл және Нұра аудандарында осы уақытқа дейін қосымша балалар травматология пункті ашылмаған.

«Мәселені шешу мақсатында Хусейн бен Талал көшесі, 14 мекенжайында орналасқан Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының базасында жаңа травматология пунктін ашу туралы шешім қабылданды. Жаңа пункттің ашылуы қолданыстағы бөлімшелерге түсетін жүктемені айтарлықтай азайтып, елорданың сол жағалау тұрғындары үшін шұғыл медициналық көмектің қолжетімділігін арттырады» деді қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Айнұр Төлеуова.

Қаланың бас травматологының айтуынша, травмпункт шұғыл травматология көмегіне мұқтаж пациенттерге қызмет көрсетеді.

«Травмпунктке стационарлық емдеуді қажет етпейтін жарақаттармен жүгінеді. Атап айтқанда: тобық буынының зақымдануы, шыбық сүйегінің сынуы, тобық сынулары, сондай-ақ орнына салуды және бекітуді қажет ететін сынулар. Мұндай пациенттер кейін тұрғылықты жері бойынша емханаларда ем алып, оңалтудан өтеді» деді Алексей Солод.

Травмпункт заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған және аумаққа кіруге ыңғайлы жолдар қарастырылған.

ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 24 ақпаннан бастап 27 ақпан аралығында сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін (үзіліс уақыты – 13:00-14:00) «Стоматология» оқу-клиникалық орталығы» ЖШС-те Астана қаласында тіркелген азаматтарды тегін тіс протездеуге және протезалды ауыз қуысын тазалау бойынша Есіл ауданы (байланыс телефондары: +7-702-731-74-30; +7-701-234-46-14; +7 (7172) 39-79-49 және Нұра ауданы бойынша (байланыс телефондары: +7-702-729-91-06; +7-778-636-60-57; +7 (7172) 31-05-02 жазылу келесі санаттар бойынша жүргізіледі:

* ҰОС ардагерлері және ҰОС-ның мүгедектері, соған теңестірілгендер (Чернобыль, Ауған соғысы ардагерлері);
* жасы бойынша зейнеткерлер (ер кісілер – 63 жас, әйел кісілер – 61 жас);
* I, II, III топ мүгедектігі бар тұлғалар;
* көпбалалы аналар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар санатынан (аналар) (АӘК алушылардың қатарынан);
* мүгедектігі бар балаларды асырап отырған отбасы (ата-анасының біреуіне);
* Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар (алуға құқығы бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша күндізгі нысанда оқитын балаларды қоса алғанда, бірге тұратын 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балаларға олар 23 жасқа толғанға дейін жәрдемақы алады).

Жазу онлайн режимінде жүзеге асады. Жазу форматы халық арасында жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған.

Құжаттар тізімі:

* Қазақстан Республикасының жеке куәлігі;
* зейнеткер куәлігі;
* I, II, III топ мүгедектігі туралы куәлігі;
* асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатынын растайтын құжат.

СУДЫ ҮНЕМДЕ – БОЛАШАҚТЫ САҚТА!

Астана қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының 40-тан астам колледж студенті «Суды үнемде – болашақты сақта!» тақырыбындағы экосағатқа қатысты. Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің Технологиялық колледжі базасында «Адал азамат» мемлекеттік тәрбие бағдарламасы аясында өтті.

Экосағатқа колледждің 125 студенті оффлайн қатысса, елорданың 26 колледжі мен Солтүстік Қазақстан облысындағы 19 колледж студенттері онлайн форматта қосылды. Кездесу барысында технологиялық бағытта білім алып жатқан студенттер су үнемдеу технологияларын өндірісте қолдануға арналған жобаларын таныстырды. Сонымен қатар қонақтар болашақ гидротехник мамандардың кәсіби дағдысын дамытуға арналған заманауи зертханалық жабдықтардың жұмысымен танысты. Іс-шараға БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Катаржина Вавьерниа, Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Нұрлан Алдамжаров қатысты. Спикерлер студенттерге судың тұрмыста және экономикада алатын орны, оны тиімді пайдалану жолдары, сондай-ақ су шаруашылығын дамыту мен білікті кадр даярлау бағытындағы мемлекеттік шаралар туралы айтты. Сонымен бірге БҰҰ ДБ қолдауымен Қазақстанда жүзеге асып жатқан су ресурстарын басқару жобалары таныстырылды.

«KAZNB» ЖШС БСН 211040025952 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Қорғалжын тасжолы, 19Т, офис 199Б, info@bolatbek.kz, байланыс телефоны: + 7-7172-25-12-19.

№19 (4917) 17/02/2026 Сейсенбі

Елордада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық штабының ресми түрде ашылу салтанаты өтті.



ЕЛДІ БІРІКТІРЕТІН ҚҰЖАТ



Іс-шараға еліміздің жетекші қоғамдық-саяси қауымдастық өкілдері қатысты. Осылайша, азаматтық қоғамды стратегиялық Конституциялық бастамалар төңірегінде шоғырландырудың маңызды кезеңі бастау алды.

Қалалық коалицияға әртүрлі жастағы түрлі саланың 200-ге жуық өкілі қосылды. Олардың қатарында қоғам қайраткерлері, заңгерлер, депутаттар, ғылым мен мәдениет саласының өкілдері, белсенді жастар, педагогтар, сонымен қатар Қазақстан халық партиясы, Respublica, «Ауыл», «Ақ жол», партияларының жетекшілері мен өкілдері бар. Бұл ұрпақтар сабақтастығын және бастаманың қоғамдық кең ауқымдылығын көрсетеді.

Қалалық штаб төрағасы Ерлан Каналимов коалиция қызметінің стратегиялық маңыздылығын және конституциялық бастамаларды түсіндіру бойынша жүйелі жұмыстың қажеттігін атап өтті.

«Жаңа Конституция – халықтық ортақ мақсатта ұлттық рухты нығайтуға ықпал ететін еліміздегі ең маңызды құжат. Ол елдік сананы бекемдеп, болашаққа бағыт сілтейді. Оның өзегінде адам қадірі мен құқығын бәрінен биік қоятын асыл ұстаным жатыр. Жалпыұлттық Коалициясының Астана қалалық штабына әр буынның түрлі саладағы 200-ге жуық өкілі қосылып отыр» деді Ерлан Каналимов.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жаңа Конституцияның өзегі адам мен оның құқығы екенін жеткізді. Құжатта қоғамды біріктіретін құндылықтар бекітілген: бірлік, ынтымақ, этносаралық келісім, егемендік, мемлекеттік территорияның біртұтастығы. Конституция Әділетті Қазақстанды, «Заң мен тәртіп» қағидатын, сонымен қатар болашақ ұрпақ алдында табиғат пен ұлттық құндылықты сақтау жауапкершілігін белгілейді.

«Конституциялық реформа – қоғамдық-саяси жүйені жаңғыртуға, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға және әділеттілік қағидаттарын нығайтуға сұранысына берілген жауап. Өзгерістер бастамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында жариялап, заманауи орнықты және бәсекеге қабілетті жасанды интеллект дәуірінің сын-қатерлеріне дайын Қазақстанды қалыптастыруға бағытталды» деді Есет Байкен.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден өз сөзінде жаңа Конституцияның ұлттық рухты нығайтып, елді біріктіретін ең маңызды құжат екенін атап өтті.

«Бүгін маңызды әрі ауқымды жұмыс бастау алып жатыр. Жаңа Конституцияның басым бағыттары туралы бәріңіз хабардарсыздар. Енді осы оң өзгеріске бастайтын маңызды жобаны жұртшылыққа түсіндіру, дұрыс ақпарат жеткізу – үлкен міндетіміз» деді Табиғат Зейнұлқабден.

Штаб қызметі аясында 1000-ға жуық іс-шара өткізіліп, оған 700 мың адам қатысады деп жоспарланған. Соның ішінде орталық деңгейде – 100-ге жуық іс-шара (6 мың адам), қалалық деңгейде – 700 іс-шара (660 мың адам), аудандық деңгейде шамамен 400 іс-шара (35 мың адам).

Сонымен қатар 790 бақылаушы 430 сайлау учаскесін (оның ішінде 35 жабық учаскені) қамтамасыз етеді. Үгіт-насихат жұмыстары бойынша баспа өнімдерін тарату үшін 150 ерікті тартылды.

РЕФОРМАЛАР ЕРЕКШЕЛІГІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Елордадағы Astana Hub-та қалалық мәслихат депутаттарының қатысуымен Конституциялық реформаларды түсіндіру жиыны өтті. Іс-шараға «Ақ жол» партиясынан Астана қалалық мәслихатының депутаттары – Нұржан Садырбаев және Мейрамгүл Қабдығалиева қатысып, мекеме қызметкерлеріне жаңа Конституцияның ерекшеліктері туралы егжей-тегжей түсіндірді және көптің сұрақтарына жауап берді.

Жиында жаңа Конституцияның еліміз үшін маңызы, соның ішінде цифрлық экономиканы дамытудағы рөлі туралы сөз болды. Конституциялық өзгерістер тек құқықтық жағынан ғана емес, сондай-ақ бизнес пен инновация үшін орнықты, техногенді орта қалыптастыру, цифрлық кеңістікте азаматтардың құқығын қорғау тұрғысынан да маңызды.

– Жаңа Конституциядағы өзгерістер 77 бапқа енгізілді. Құжаттың 84 пайызы қайта жазылды. Осылайша біз іс жүзінде жаңа Конституцияға қол жеткіздік. Ата заңдағы 21-бап сіздердің жұмысыңызға, яғни цифрлық салаға қатысты құқықтарды қамтиды. Тағы бір айта кетерлігі, 145 депутат 5 жыл мерзімге сайланады. Билік құрылымында да өзгерістер бар, – деді Н.Садырбаев.

Спикерлер Ата заңға өзгерістер не үшін қажет болғанын, жаңа Конституция жобасының қалай әзірленіп, қандай ұсынымдар берілгенін баяндады.

– Ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған дәуірде әлемде елдер арасында жаһандық үрдістер араласып кетті. Бұл бүгінгі адамдардың таным-түсінігіне, айналаны қабылдауына, келер ұрпақтың сана-сезіміне, көзқарасына өзгерістер әкелуде. Сондықтан сол өзгерістер аясында Конституцияны да жаңарту – дәуір талабына сай қажеттілік. Сол өзгерістер бізді емес, біз оларды басқару үшін бұл реформалардың маңызы өте зор. Заңдағы жаңартулармен қатар Қазақстан Халық кеңесі деген билік тармағы пайда болды. Оның құрамында ҮЕҰ-дар, түрлі қоғамдық ұйымдар, қауымдастықтар өкілдері, яғни түрлі саланың сарапшылары болады, – деді М.Қабдығалиева.

Депутаттар «Ақ жол» партиясы атынан жаңа Конституция жобасына 50-ден астам ұсыныс беріліп, соның ішінде 5-6 ұсыныс нақты енгізілгенін атап өтті. Сондай-ақ олар биыл 15 наурызда өтетін республикалық референдумға жиналғандарды белсенді түрде қатысып, тиісті шешімге дауысын беруге шақырды.

МӘДЕНИ МҰРА САҚТАЛАДЫ

Астанада «Қазақстанның конституциялық құндылықтар жүйесіндегі тарихи-мәдени мұраның орны мен маңызы» тақырыбында «SARAP» сарапшылар клубының отырысы өтті.

Іс-шара Қазақстан қоғамдық даму институтының ұйымдастыруымен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өтті.

Жиынға Конституциялық комиссия мүшелері, Қазақстан Жазушылар одағы, Ұлттық академиялық кітапхананың өкілдері, ғылыми қауымдастық, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар қатысты.

Қатысушылар тарихи-мәдени мұраның конституциялық құндылықтар жүйесіндегі рөлін және оның ұлттық бірегейлік пен қоғамдық келісімді нығайтудағы маңызын қарастырды. Сондай-ақ мәдени мұраның заң аясында сақталатындығы айтылды.

Тарихи мұраны сақтау мен мәдени сабақтастық мемлекеттік саясат пен конституциялық тәртіптің маңызды құрамдас бөлігі екені айтылды.

Сонымен қатар мұраны қорғау, ғылыми зерттеу және оны ұлттық әрі халықаралық деңгейде дәріптеу мәселелері талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша осы саладағы жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленді.

ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, конституциялық өзгерістер – елдегі жүйелі саяси жаңғырудың жалғасы. Реформалардың негізгі мақсаты – әділдік пен заң үстемдігі қағидаттарын нығайту, өкілді институттардың рөлін күшейту және билік тармақтарының өзара іс-қимылының неғұрлым теңгерімді моделін қалыптастыру. Президент ұсынылған өзгерістердің мәнін ашық түрде қоғам талқысына шығарып, халықты кеңінен ақпараттандыру маңызды екенін де атап өткен еді.

Осыған орай Астанада референдумды қолдауға бағытталған жастар концертіне 10 мыңнан астам адам қатысты. Бұл іс-шара «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясы жұмысы аясындағы алғашқы ірі қоғамдық алаңдардың біріне айналды.

Концерт барысында қазақстандықтарды алдағы референдумға қатысып, Жаңа Конституция жобасы бойынша өз ұстанымын білдіруге үндеу жасалды.

Іс-шара қоғамдық мәдени акция форматында өтіп, оған елорда тұрғындары мен қонақтары жиналды. Сахнада белгілі қазақстандық орындаушылар – Raim, Дастан Оразбеков, Bayansulu, Nazzarbeck, Ақтоты Болшова және өзге де әртістер өнер көрсетті. Концерттік бағдарлама Жалпыұлттық коалиция мүшелерінің тақырып аясындағы баяндамаларымен жалғасын тапты. Жарқынбек Амантай, Мақсат Толықбай, Айкерім Есенәлі, Ақерке Искандерова Жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, алдағы референдум туралы азаматтарды хабардар етті. Сондай-ақ олар саналы таңдау жасау мен белсенді азаматтық ұстанымның маңызын атап өтті.

Жарқынбек Амантай конституциялық өзгерістер елдің саяси дамуының жаңа кезеңін және бүгінгі реформалар арқылы жүзеге асып отырған жаңғырудың тарихи әлеуетін айқындайтынын түсіндірді.

«Ата заңымыз заман талабын сай және жаңа сын-тегеурінді ескере отырып әзірленді. Бұл еліміздің дамуына және мүддесін қорғауға мүмкіндік береді. Әрбір қазақстандық референдумға қатысу арқылы өз азаматтық ұстанымын білдіріп, әділетті, ашық әрі заманауи мемлекеттің дамуына үлес қосуға тиіс» деді ол.

Ал Мақсат Толықбай Жаңа Конституция жобасы ел дамуының заманауи басымдықтарын айқындайтынын және Егемендік пен азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтетінін айтты.

«Құжатта білім, ғылым, инновация мемлекеттің басты стратегиялық бағыты, негізгі құндылығы ретінде айқындалды. Қолданыстағы Конституцияда халықтың мемлекеттік биліктің қайнар көзі екені жазылса, ал жаңа құжатта мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі екені бекітілді» деді Мақсат Толықбай.

Акерке Искандерованың айтуынша, Жаңа Конституция жобасы азаматтардың қатысу аясын кеңейтіп, жастардың қоғамдық процестерге белсенді араласуына жағдай жасайды.




«Ұсынылып отырған өзгерістердің түпкі мәні – тәуелсіздігімізді нығайту, қорғау және жаңа буынға қуатты мемлекетті аманат ету. Алдағы референдум – бұл жай ғана дауыс беру емес, әрқайсымыздың ел тағдырына қосатын үлесіміз. «Менің пікірім маңызды» деп айту мүмкіндігі. Болашақ – өз қолымызда» деді.

Сонымен қатар Айкерім Есенәлі елдің құқықтық негізін қазіргі заман талабына сай жаңғырту қажет екеніне тоқталды.

«Еліміздің дамуына жаңа қағидалар мен заманауи заңнамалық шешімдер болуға тиіс. Балаларымыздың, жастарымыздың болашағы жарқын әрі сенімді болуы үшін бізге Жаңа Конституция қажет» деді Айкерім Есенәлі.

БАНК САЛАСЫ ҚАЛАЙ ЖАҢҒЫРАДЫ?



2026 жылдың қаңтар айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев банк қызметі және финнарықты реттеу туралы заңға қол қойды. Сол күннен бастап 30 жыл бойы өзгеріссіз қалып келген маңызды құжат жаңарды. Жасыратыны жоқ, тәуелсіздік жылдарында еліміздегі банктердің басына қара бұлт үйіріліп, қандай да бір қауіп пайда болғанда, мемлекет қазынадан бума-бума ақша бөліп, қиындықтан шығарып алатын.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Жаңа заңда мұндай тетік жоқ. Банктің жұмысы дұрыс жолға қойылмаса, ең алдымен оның акционерлері (сол банк қожайындары) қаржылық институтты басқару құқығынан айрылады. Әлсіз басшы орнынан алынып, жаңа басшы тағайындалады.

Екіншіден, қандай дағдарыс келсе де, банктерге дивиденд, бонус деген нәрселер берілмейді. Оның орнына банк басшылығы қиыншылықтан шығудың жолдарын қарастырып, жоспар құрады, ұжым болып соны толық іске асырады. Алда-жалда ол жоспардан ешқандай нәтиже шықпаса, мемлекет тарапынан қарыз ақшалай көмек беріледі. Бірақ ол бұрынғыдай миллиондаған қаражат емес, белгілі бір көлемдегі аз ақша. Қайтару мерзімі – қысқа. Банк хал-ахуалын түзетіп алғаннан кейін, сол қарызды қайтарады. Ал бұған дейін мемлекеттен (дұрысы халықтың қазынасынан) қыруар қаржы алып, оны берешек болса да әлі күнге дейін қайтармай жүрген банктер жетерлік.

Жыл басынан бері заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, мемлекеттен қаржылай көмек алған банктерге қойылатын талаптар күшейтілді. Қаржы нарығын реттеу агенттігі таратқан мәліметке сүйенсек, бұдан былай мұндай банктер акционерлеріне дивиденд төлемес бұрын, ең алдымен сол соманың кемінде 66 пайызын мемлекетке қайтаруы тиіс. Бұрын бұл көрсеткіш 10 пайыздан басталып, 66 пайызға дейін баратын. Акцияларды кері сатып алу кезінде де дәл осындай талап қойылады. Яғни, банк алдымен мемлекет алдындағы берешегін өтеуі керек. Әйтпесе, ешқандай акцияларды сатып алуға құқығы болмайды. Сондай-ақ банктің ірі акционерлері немесе жаңа иелері мемлекеттен алынған қаражатты қалай қайтаратыны туралы нақты жоспары бар келісімге қол қоюға міндетті.

Жаңа заңдағы айтулы жаңалықтың бірі – банк құпиясы деген сөз бұдан былай қолданылмайды. Банктерге қатысты барлық ақпарат ашық, қолжетімді болмақ. Мұны талап ететін норма да заңға енгізілді. Сондай-ақ онлайн несие алу да қиындайды. Қарыз алатын әрбір азамат банкке өзі барып, барлық құжатқа қол қоюы тиіс. Сонымен қатар, бұдан былай банктер әмбебап және базалық болып екіге бөлінеді. Алғашқысы – үлкен, екіншісі – шағын. Лицензия алу қиын болмайды. Тек сонда ғана бәсеке күшеймек.

Жаңа заңда банк қызметін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға ерекше назар аударылады. Жасырын комиссия құру, тұтынушыны алдау, мәжбүрлеу деген мүлдем болмайды. Арнайы омбудсмен кеңсесі жұмыс істейді. Тағы бір жаңалық, исламдық банкинг үшін арнайы банк ашудың қажеті жоқ. Кез келген банк арнайы бөлімше аша алады. Соңғы жылдары еліміздегі ислам банкингі қызметінің қарқын алғанын көріп отырмыз. Отандық банктер бұдан былай триллиондаған қаражаты бар адамдарға пайыздық үстеме аудармайды. Бұған дейін банктер үшін тегін ресурс болып келген қаржы енді көзден бұл-бұл ұшары анық. Қаржыгер Ғалым Хусаиновтың пікірінше, бұл банк саласындағы тәртіпті нығайтады. «Бұрын бизнес пен жекелеген азаматтардың ағымдағы шоттарында жатқан ақша банктер үшін тегін ресурс болып келді. Жаңа заң оған тыйым салады. Ұлттық банк басқа банктерге 17 пайыздық мөлшерлемемен қаражат аударып, сол арқылы жылына 6 трлн теңге бөлек табыс табуына қолайлы жағдай туғызып келді. Алдағы уақытта мұндай тегін ақшадан банктер үміттене алмайды» деп жазды ол өзінің телеграмдағы парақшасында.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бизнеске берілетін несиелердің үлесі тұрақты түрде төмен 38 пайыз деңгейінде қалып отырғанын, банктер тек 2025 жылдың өзінде-ақ еш қиналмай шамамен 3 трлн теңге табыс тапқанын айтты. Осы алқалы жиында Президент жаңа инвестициялық кезеңнің тиімді жүзеге асуы көбіне қаржы секторының белсенді атсалысуына байланысты екенін мәлімдеді. «Бүгінде еліміздің қаржы нарығындағы жиынтық активтердің 84 пайызы банк саласына тиесілі. Дегенмен бизнеске берілетін қарыз үлесі төмен деңгейде қалып отыр. Небары 38 пайызды құрайды. Ал екінші деңгейлі банктер былтыр «шыбық басын сындырмай», еш қиналмай 3 триллион теңгеге жуық табыс тапты. Банктер экономиканың негізгі қаржыландыру көзі ретінде өзінің заңды рөліне оралуы үшін жағдай жасау қажет дегенді талай рет айтылды. Бірақ сылтау таусылмайды. Нәтижесінде банк жүйесіндегі алаяқтық әрекеттерге куә болдық. Ірі, жүйе құраушы банктер мемлекет тарапынан орасан зор көмек берілгеніне қарамастан, дағдарысқа ұшырап, тура мағынасында 1 долларға сатылды. Қазір банктердің өзіне тартатын қаржы ресурстарының құны жоғары деген әңгіме айтыла бастады. Олардың экономиканы қаржыландыруына осы кедергі келтіріп отыр-мыс. Демек экономиканы қолжетімді кредитпен қамтамасыз етудің жалғыз жолы – инфляцияны тұрақтандырып, деңгейін төмендету, содан кейін нарықтық мөлшерлемені азайту» деп түсіндірді Мемлекет басшысы.

Банк саласына қатысты әр адам білуге тиіс жаңалықтың бірі - мобильді аударымдар мен QR-төлемдер біріктіріледі. Осылайша, елдегі екінші деңгейлі банктер бірыңғай жүйеге қосылады. Ұлттық банк ресми түрде таратқан ақпаратқа сүйенсек, биыл Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының құқықтық мәртебесі бекітілген. Енді кез келген банк тұтынушысы басқа банкке оңай ақша аудара алады. Сондай-ақ бір QR-код арқылы төлем жасауға да жол ашылады. Бұдан бөлек, цифрлық теңге заңды төлем құралы ретінде қолданыла бастайды. Сандық ақшаны тек Ұлттық банк шығарады. Ал азаматтар оны банктер арқылы пайдаланады. Бұл технология мемлекеттік қаржының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді дейді сала мамандары.

ҚАРА ҚАЗАН – ҚАЗЫНАҢ

Қазан – тамақ пісіруге арналған шойыннан құйылып жасалған ыдыс. Қазір басқа металдардан да жасалып жүр. Мыс пен қоладан қалыпқа құйылып, түрлі өрнекпен, аңдар бейнесімен әшекейленген қазандар алғаш рет сақ дәуірі ескерткіштерінен қазып алынғанын ескерсек, қазан арыдан келе жатқан көне бұйым екенін байқауға болады.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Басқа ыдыс-аяқтарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде қазанның алатын орны өте жоғары. Өйткені ол – күнделікті тіршілікте қолданылатын ыдыс. Дастарқанға қойылатын тағамдардың көбі сол қазанда дайындалатындықтан, қазақ халқы оны жай ғана қазан демей «қара қазан» деп қастерлеп атаған. Бұл жерде қара сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіретіні көпке аян.

Бар тірлігін «Қара қазан, сары баланың тілеуі» деп мәтелдеген халқымыз қазанын жұртқа тастамайды, «қазанмен бірге ырысым кетеді» деп қазанды сыйға тартпайды, ұзатылған қыздың жасауына қоспайды. Әлкей Марғұланның «Құламерген» жырының желісіне тоқтала келе, қазанға байланысты «Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан – шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды» деп жазғаны – соның айғағы.

Қазақта түндігі жабылып, түтіні өшкен, артында ұрпағы қалмаған адам қайтыс болғанда қазанын қабірінің басына апарып төңкеріп қоятын әдет болған. Бұл артында әулетін жалғастыратын ұрпағы, тұқым болар тұяғы қалмады деген мәнді білдіреді, қазақ ырымында айтылатын «қазанды төңкерме» деген тыйым да осы ұғыммен қатысты. Суға кеткен адамның сүйегі табылмаған кезде қазанын төңкеріп суға салып іздейтін әдет те бар. Көнекөз қариялардың айтуынша, мәйіт жатқан жердің маңында келгенде қазан айналып, үйіріліп қалқып тұрып алатын көрінеді.

Барлық мәселені аталы сөзбен, мірдің оғындай мақал-мәтелмен жеткізген халқымыз ұят ұғымын да қазанмен байланыстырып, «қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деп түйіндейді. Бұл – жай ғана тұрмыстық теңеу емес, қазақ халқының тұтас бір дүниетанымның көрінісі. Себебі жоғарыда айтқанымыздай, қазан қазақ үшін тек ас пісіретін ыдыс қана емес, үйдің берекесі, отбасының ырысы, тәртіп пен жауапкершіліктің нышаны болған. Қақпақ – сол қазанның қорғаны, ішіндегіні сақтайтын қалқаны. Қақпақсыз қазан қалай ашық-шашық қалса, ұяттан айырылған адам да солай шектен шығады деген терең мағына жатыр бұл сөздің астарында. Халқымыздың қазанның бетін ашық қалдырмайтыны бір жағынан, тазалық үшін болса, екінші тұрғыдан, тәртіп пен әдептің өлшемі болған.

Халқымыз келін толғатқанда жарыстыра қазан асып, толғақты жеңілдетіп (сондай түсінік бар), бұл жоралғысына «Жарысқазан» деп ат қойған. «Қатын ашуланса қазан қайнатады», «Қазаны бөлектің қамы бөлек», «Қайда барсаң қазанның құлағы төртеу», «Қақ тұрмаған қазанның, ернеуінен белгілі; Жақтырмаған адамның тергеуінен белгілі» деген мақал-мәтелдердің астарынан да қазанның қазақ тұрмысындағы рөлі айқын аңғарылып тұр. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан жаңа» деп мақалдаған халқымыз уақыттың өзгерісі мен дәуірдің алмасуын да қасиетті қара қазанмен байланыста сипаттаған.

XIV ғасырдың соңында, шамамен 1399 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі үшін құйылған қасиетті тайқазан да Қожа Ахмет Ясауи ілімінің өзегіндегі ұстанымдарды – бірлік, теңдік, қонақжайлық пен әділетті бейнелеу үшін жасалған. Яғни оның астарында «ас ортақ болса ниет те ортақ болады» ден үлкен философиялық ой жатыр.

Қара қазаннан ас ішіп, қара бақырын қанжығасына байлап жүретін жауынгер қазақтың қаны бетіне теуіп, күші көзге ұрып тұратыны, сүйегі кесек, бойы зор болатыны да осы қара қазанмен байланысты десек қателеспейміз. Өйткені шойыннан құйылған қазанда ет асып, құрт қайнатудың денсаулыққа пайдалы екенін бүгінгі ғылым да жоққа шығармайды. Нақтырақ айтсақ, қазанда ет, құрт сияқты тағамдар ұзақ қайнаған кезде шойыннан өте аз мөлшерде темір иондары тағамға өтіп, ол тағамды ішкен адамның ағзасына табиғи түрде сіңеді. Бұл әсіресе балалар мен әйелдерге аса пайдалы болған, себебі бұл темір жетіспеушілігінің алдын алуға көмектеседі. Екінші тұрғыдан, шойын қазанда асылған ет баяу әрі біркелкі пісіп, сорпаның нәрі мен минералдық құндылығы жақсы сақталады. Сонымен қатар, шойын қазан химиялық жабынсыз болғандықтан, ұзақ қыздыру кезінде тағамға зиянды зат бөлмейді. Құрт секілді қышқыл тағамдар шойын ыдыста қайнағанда темірмен табиғи түрде байып, тағамдық құндылығы арта түседі. Жастайынан шойын қазанда дайындалған тағаммен қоректенген балаларда темір тапшылығының алдын алу мүмкіндігі жоғары болады. Ал темір қоры жеткілікті ағза баланың қалыпты өсуіне, бойының дұрыс жетілуіне және денесінің шымыр болуына оң әсер етеді. Қысқасы, дұрыс күтім жасалған шойын қазан – ас дайындаудың қауіпсіз әрі пайдалы құралы, бұл оның халқымыз тұрмысында ғасырлар бойы қолданылуының басты себебі. Бірақ біз қазір қазанның осы қасиетін ескермей, қазанға қатысты ұғымдарды да есімізден шығарып алдық. Асүйімізді жеңіл, жылтыр, бірақ пайдасы күмәнді ыдыстар басып алды. Соның бірі – алюминий қазан. Ғалымдар алюминий ыдыста қышқыл немесе тұзды тағам пісірілген кезде металл бөлшектерінің тағамға өту қаупі бар екенін жиі айтады. Әсіресе мұндай тағамды балалар мен жүкті әйелдердің тұтынуы алаңдатарлық. Осы орайда Еуропа елдерінің тәжірибесіне назар аударуға тура келеді. Германияда алюминий ыдысты пайдалануға толық тыйым салынбағанымен, балалар тағамын, қышқыл ас пен ұзақ қайнатылатын тағамдарды алюминий ыдыста әзірлеуге кеңес берілмейді. Көптеген балабақша, мектеп асханаларында тот баспайтын болат немесе шойын ыдыстар қолданылады. Бұл – денсаулыққа төнуі мүмкін тәуекелді барынша азайтуға бағытталған сақтық шарасы.

Шыны керек, біз шойын қазанды шаң бастырып жұртқа тастағанда өзге жұрттың шойын қазанға сұранысы қайта артты. Әсіресе немістердің дені әлі күнге дейін шойын қазанда тамақ пісіреді. Өткенде мен де Астана базарынан шойын қазан таппай сандалып жүрсем, «мына қазанды ала салсаңшы, ол қазанды немістің қатындары ғана алады, әлде әйелің неміс пе еді?» дейді бір қазақ әйелі еш нәрсенің байыбына бармай.

Қысқасы, шойын қазан тағамды біркелкі пісіреді, ұзақ пайдалануға болады, темірдің табиғи көзі саналады. Біз үшін бұл – жаңалық емес, керісінше ұмыт қалған өз құндылығымыз. Қазіргі қазақ әйелдерінің қан аздыққа жиі ұшырауы – тек медицина мәселесі емес, тұрмыстық әдеттің де салдары. «Дәрумен іш, дәрі қабылда» деуден бұрын, қазанды дұрыс таңдаудың өзі үлкен алдын алу шарасы екенін ескеретін кез жетті. Өйткені темірі кем ағза – әлсіз ағза. Ал әлсіз ағзадан қуатты ұрпақ шықпайды. Сондықтан денсаулықты қорғауды дәріханадан емес, асүйден бастаған жөн. Қара қазан – қарапайым, бірақ қасиетті ыдыс. Оған қайта оралу – өткенге емес, саналы болашаққа қадам болар еді.

№19 (4917) 17/02/2026 Сейсенбі



ОРАЗА – ЖҮРЕК АМАЛЫ

Ораза – ең алдымен, жүректің амалы. Ол – жүректі тазартуға, ниетті түзетуге, нәпсіні тәрбиелеуге және тақуалыққа жетуге бағытталған ұлы құлшылық. Оразаның шынайы рухын түсінген адам ас пен судан тыйылуды басты мақсат етпейді. Ауыз бекітудегі негізгі мақсат – жүректі Аллаға жақындатып, ой мен жүректі түрлі дерттен тазалау, ішкі жан дүниені көркем мінезбен безендіру. Сондықтан оразаны саналы түрде жүрекпен ұстап, оның рухани мәніне терең үңілген абзал. Сонда ғана ораза адамды рухани кемелдікке бастайтын шынайы жүрек амалына айналады.

Ғалымдарымыз жүректі патшаға, ал дене мүшелерін оның әскеріне теңеген. Егер патша түзелсе, оның әскерлері де түзеледі. Ал патша бұзылса, әскер де бұзылады. Жүрек адам ағзасындағы басты рухани орталық болғандықтан, ол Алладан басқа нәрсеге байланса, адам сол нәрсенің құлына айналады. Адамның иманы көп құлшылық жасауымен өлшенбейді. Тақуалық – жүректің тазалығында. Жүрек таза болса, адамның ғұмыры да, амалы да көркем болады. Расында, кез келген амалдың қабыл болуы оның көптігіне емес, жүректегі ықыластың шынайылығына байланысты қабыл болады.

Алла Тағала есеп күнінде Өзінің құзырына сау жүрекпен келген пенделер ғана құтылатынын айтқан. Бұл туралы қасиетті Құранда былай делінген: «Ол күні (Қиямет күні) мал да, бала-шаға да пайда бермейді. Тек Алланың құзырына қалбын салиммен, яғни (рухани кеселдерден арылып) сау жүрекпен келген жан ғана азаптан құтылып, мұратына жетеді» («Шұғара» сүресі, 88-89-аяттар). Аятта айтылған «сау жүрек» сөзінің мағынасы жайында тәпсірші ғалымдарымыз надандықтан, жаман мінезден аулақ болған, соқыр наным-сенімнен, теріс іс-әрекеттерден және дүниеқұмарлықтан арылған жүректі «сау жүрек» деп түсіндірген.

Хакім Абай бір өлеңінде:

«Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес» деп жырлайды. Ойшыл Абай он жетінші қара сөзінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өз өнерлері жайлы айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгінгенін жазады. Сонда жүрек айтыпты: «Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?». Сонда ғылым бәрін де жүрекке билет деп ұқтырып: «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» депті.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағаланың назары жүректе болатынын баяндап: «Расында, Алла Тағала сендердің бейнелерің мен дүниелеріңе назар аудармайды, алайда жүректерің мен амалдарыңа назар аударады» деген. Шын мәнінде, оразаның шынайы сауабы – аштықта емес, тақуалықта. Ал тақуалықтың негізгі орны – жүректе. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Тақуалық мына жерде болады» деп көкірегін үш мәрте нұсқап, адамның тақуалығы жүрегінде болатынын айтқан.

Адамның табиғатында, яғни әу бастағы жаратылу болмысында оның жүрегі сау болады және ізгі амалдар, құлшылық жасау арқылы өзінің сау күйін сақтайды. Ал егер пенде күнәлі іс жасаса, оның жүрегі дертті халге душар болады. Кейін рухы сөнеді. Міне, осы себепті де мұсылман адам өзінің жүрегіне әрдайым назар салып, ондағы дертті белгілі амалдар арқылы тазартып отыруы тиіс. Өйткені адамның жүрегі дұрыс болса, бүкіл амалдары дұрыс болады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Расында, адам денесінде бір кесек ет бар. Егер ол дұрыс болса, адамның бүкіл денесі дұрыс болады. Егер ол бұзылса, барлық денесі бұзылады. Ол кесек ет жүрек емес пе?» деген.

Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы бір өлеңінде:

«Тәңір жолы – ақ жүрек,
Сайтан деген – қиянат.
Ақ жүректі ертерек,
Ескер-дағы, қыл әдет» деп жырлайды. Демек ізгі амалдар, көркем мінез, тақуалық сынды өзге де асыл қасиеттердің бойымыздан табылуы ең алдымен жүрегіміздің дұрыс болуымен тікелей байланысты. Лұқман хакім ұлына: «Әй, балам! Дүние түбі көрінбейтін дария іспетті. Парасаттылыққа жетпеген көптеген ғалымдар мен өзге де адамдар сол дарияға батып кетті. Сенің бұл дариядағы жүзуші кемең қанағат етуші жүрек пен Алла Тағалаға деген иманың болсын. Кемеңнің керек-жарағы етіп тақуалық пен құлшылықты ал. Желкені тәуекел болсын. Түпсіз дарияға батудан осылай ғана аман қалуың мүмкін» деп өсиет етіпті.

Исламдағы кез келген құлшылық адамның сыртқы іс әрекетіне ғана емес, ішкі рухани әлеміне де тікелей әсер етеді. Сол құлшылықтардың ішіндегі ең терең мағынаға ие әрі жүрекпен орындалатын амалдың бірі – ораза ұстау. Көп жағдайда ораза аш жүру, ішіп жеуден тыйылу ретінде ғана қабылданады. Шын мәнінде, ораза – жүректің амалы, рухтың тәрбиесі, ішкі дүниенің тазаруына бастайтын құлшылық. Сондықтан ғұламалар оразаны «тәнге емес, жүрекке бағытталған құлшылық» деп бағалаған.

Оразаның басқа парыз амалдардан ерекшелігі – көбіне сырт көзге көрінбеуінде. Намаз, зекет, қажылық сияқты құлшылықтар белгілі бір дәрежеде адамдарға байқалады. Ал оразаны адамның шын ұстап-ұстамағанын Алладан басқа ешкім нақты біле алмайды. Осы себепті ораза – ықыласқа, шынайылыққа негізделген құлшылық. Қасиетті құдси хадисте Алла Тағала: «Адам баласының барлық амалы өзі үшін. Ал ораза – Мен үшін, оның сауабын Өзім беремін» дейді. Бұл құдси хадис оразаның жүрекке қатысты, оның ең басты шарты ниеттің тазалығы екенін білдіреді. Ниетсіз, тек әдет үшін немесе адамдар көрсін деп ұсталған оразаның рухани салмағы мен сауабы жойылады. Осы құдси хадиске түсіндірме жазған имам ән-Нәуәуи: «Ораза басқа құлшылықтар секілді сыртқы қимыл емес. Ол – тыйылу. Ал тыйылу тек Алла үшін ғана жасалады» деген. Намаз бен зекеттің белгілі бір сауаптары жайлы көптеген хадис бар. Ал ораза нәпсіге қарсы ізгі амал әрі Аллаға ең ұнамды құлшылық болғандықтан, оның сауабында шек жоқ. Өйткені ораза шайтанның жолдарын тарылтады, нәпсінің үстемдігін сындырады, күллі жамандыққа қалқан (қорған) болады. Сондықтан ол құлшылықтың төресі саналады.

Рақым айының тағы бір маңызды қыры – жүректі жұмсартуында. Аштық адамды тәкаппарлықтан сақтап, кішіпейілділікке тәрбиелейді. Сонымен қатар ораза кедей-кепшіктің жағдайын түсінуге, мейірім мен жанашырлықты арттыруға себеп болады. Бұл сезімдердің барлығы – жүрекке тән қасиеттер. Ғалымдар оразаның негізгі мақсаты тек ас-судан тыйылу емес, жүректі Алладан басқа нәрселерден босату екенін айтқан. Демек ораза – жүректі дүниеге байланудан арылтып, рухани биіктікке көтеретін амал.

Шынайы ұсталған оразаның нәтижесі адам мінезінен де көрінеді. Сабырлы, жұмсақ, кешірімді болу, ашуға берілмеу, өзгенің айыбын кешіру сынды қасиеттер – оразаның жүрекке берген тәрбиесінің жемісі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза ұстаған үмбетіне: «Егер біреу сені балағаттаса немесе ұрысса: «Мен оразамын» деп айт» деп үйреткен. Бұл – жүректі жаман әрекеттен қорғаудың, нәпсіні жағымсыз істерден тыюдың көркем үлгісі. Алла Тағала баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізіп, оразаны лайықты түрде ұстауды нәсіп еткей. Әумин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

Рамазан 2026
Ораза кестесі

АСТАНА ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	АҚПАН	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Бейсенбі	19 Ақпан	05:49	07:15	12:33	15:51	17:42	19:09
2	Жұма	20 Ақпан	05:47	07:13	12:33	15:53	17:44	19:10
3	Сенбі	21 Ақпан	05:45	07:11	12:33	15:54	17:46	19:12
4	Жексенбі	22 Ақпан	05:43	07:09	12:33	15:56	17:47	19:14
5	Дүйсенбі	23 Ақпан	05:41	07:07	12:33	15:58	17:49	19:15
6	Сейсенбі	24 Ақпан	05:39	07:05	12:32	15:59	17:51	19:17
7	Сәрсенбі	25 Ақпан	05:37	07:03	12:32	16:01	17:53	19:19
8	Бейсенбі	26 Ақпан	05:35	07:01	12:32	16:02	17:54	19:20
9	Жұма	27 Ақпан	05:33	06:59	12:32	16:04	17:56	19:22
10	Сенбі	28 Ақпан	05:31	06:57	12:32	16:06	17:58	19:24
11	Жексенбі	1 Наурыз	05:29	06:55	12:32	16:07	18:00	19:25
12	Дүйсенбі	2 Наурыз	05:27	06:52	12:31	16:09	18:01	19:27
13	Сейсенбі	3 Наурыз	05:25	06:50	12:31	16:10	18:03	19:29
14	Сәрсенбі	4 Наурыз	05:23	06:48	12:31	16:12	18:05	19:30
15	Бейсенбі	5 Наурыз	05:20	06:46	12:31	16:13	18:07	19:32
16	Жұма	6 Наурыз	05:18	06:44	12:31	16:15	18:08	19:34
17	Сенбі	7 Наурыз	05:16	06:42	12:30	16:16	18:10	19:36
18	Жексенбі	8 Наурыз	05:14	06:39	12:30	16:18	18:12	19:37
19	Дүйсенбі	9 Наурыз	05:12	06:37	12:30	16:19	18:13	19:39
20	Сейсенбі	10 Наурыз	05:09	06:35	12:30	16:20	18:15	19:41
21	Сәрсенбі	11 Наурыз	05:07	06:33	12:29	16:22	18:17	19:43
22	Бейсенбі	12 Наурыз	05:05	06:31	12:29	16:23	18:18	19:44
23	Жұма	13 Наурыз	05:02	06:28	12:29	16:25	18:20	19:46
24	Сенбі	14 Наурыз	05:00	06:26	12:29	16:26	18:22	19:48
25	Жексенбі	15 Наурыз	04:58	06:24	12:28	16:27	18:24	19:50
26	Дүйсенбі	16 Наурыз	04:55	06:22	12:28	16:29	18:25	19:52
27	Сейсенбі	17 Наурыз	04:53	06:19	12:28	16:30	18:27	19:53
28	Сәрсенбі	18 Наурыз	04:51	06:17	12:27	16:32	18:29	19:55
29	Бейсенбі	19 Наурыз	04:48	06:15	12:27	16:33	18:30	19:57

ЕСКЕРТУ:

- **Оразаға ниет:** Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- **Ауызашар дұғасы:** Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің бұрынғы және кейінгі күнәларымды кешір!
- Сақтық үшін сәресін **10 минут** ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына **735 теңге.**
- Пітір садақа және садақаны KaspiBank, HalykBank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Alatau City Bank, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.
- **Қадір түні –** наурыз айының 16-нан 17-не қараған түн.
- **Ораза айт –** 20 наурыз.

Рамазан кестесін **MuftyatBot** телеграм чат-боттан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7
+7(707)233 30 30





ҚҰЛАБЫЗ – ҒҰМЫР ИЕСІ

Ұлттық академиялық кітапханада белгілі қайраткер, сан түрлі талант иесі, сегіз қырлы, бір сырлы азамат Қайырбек Сәдуақасовты еске алуға арналған «Мен де өтемін өмірден әлемді ойлап» атты танымдық кеш өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кеш аясында Қайырбек Изатбекұлының өмірі мен шығармашылығы жөнінде сыр шертетін «Қайраткер Қайрекең жүрген қара жол» атты көрме ұйымдастырылып, ол туралы деректі фильмнен үзінді көрсетілді. Көзкөргендер мен шәкірттері естеліктерді айтты. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының әртістері өлеңдерін оқыды, әндер шырқалды. Қайырбек Сәдуақасов жайында мақалалар, естеліктер мен арнау өлеңдер топтастырылған «Құлабыз – ғұмыр» кітабының тұсаукесері ұйымдастырылды. Азаматтың оқушы кезінен анасы, одан кейін жары ұқыптап сақтаған табельдері, дәптерлері, ұстаған портфелі секілді жәдігерлер таныстырылды.

Өмір жолын мектеп мұғалімінен бастап, одан кейін жарты ғасырдан астам ғұмырын мемлекеттік қызметке арнаған Қайырбек Изатбекұлының қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, руханияты мен өнеріне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қай қызметте жүрсе де, қолынан қаламын тастамады. Өлең жазумен қатар прозаға қалам тербеп, әдеби аудармамен айналысты. Шабанбай би, Сайдалы Сары Тоқа, Нарманбет Орманбетұлы сынды белгілі тұлғалардың портреттерін салып, бейнелеу өнеріне атсалысты. Жанынан ән де шығарды. Қайырбек Сәдуақасовтың өлеңдеріне композиторлар ән жазды. Сондай туындының бірі – Жақсыгелді Сейіловтің «Сүйінші» әні. Кеште бұл әнді талантты әнші, актер, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Нұрай Танабаев әуелетті. Оны баянмен майталман музыкант, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев сүйемелдеді. «Жезкиік ақын» атанған Кәкімбек Салықовтың өлеңіне жазылған Жағыпар Әлімхановтың «Аққу әні» туындысын Қайырбек Изатбеков орыс тіліне аударды. Туындының түпнұсқасын Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның бір топ әншісі шырқады.

Қайырбек Сәдуақасовтың шәкірттері – бір үлкен шоғыр. Олар қазір мәдениет, өнер саласында жемісті қызмет істеп жүр. Атап айтсақ, Ұлттық академиялық кітапхананың директоры Күміс Сейітова, белгілі әнші, өнер зерттеуші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Серік Оспан, өлкетанушы, мәдениет саласының үздігі Бақтияр Қожахметов болып кете береді. Аталған адамдар жүректі тебірентетін естеліктерімен бөлісті. Тағылымы мен тәлімі жөнінде журналист Ернат Мелсұлы әсерлі әңгіме айтты.

Замандастарының атынан сөз алған мемлекеттік қызмет ардагері Тиышбек Тяжин Қайырбек Изатбекұлының артында қалған мұрасын ғылыми айналымға енгізу керектігін айтты. Бұл іс қолға алынған да екен. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті Мақпал Еркуат «Қайырбек Сәдуақасов – алаштанушы, жазушы, қоғам қайраткері» тақырыбында дипломдық жұмысты (жетекшісі – осы оқу орнының оқытушысы Мақпал Ештанаева) жазып жатыр.

Қайырбек Изатбекұлы өз кезінде Жезқазған облысының Мәдениет басқармасын басқарды. Сол уақытта елеусіз қалған Алаша хан, Жошы хан кесенелеріне жоғары биліктің назарын аудартып, сол кесенелердің жөнделуіне қаржы бөлгізді. Күні бүгінге дейін өтетін «Ұлытау үні», «Байқоңыр дауысы» фестивальдерінің бастамашысы болды. Жезқазған облысы жабылғаннан кейін, Қарағанды облыстық мәдениет департаменті басшылығының орынбасары – мәдениет және өнер бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Оның бұл кезеңі туралы сол кезде бірге қызмет істеген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова әңгімеледі. Әсіресе театр саласына көп көңіл бөлгенін, Гориннің «Атың шықпаса...», Гаппаровтардың «Қиямет қайым Киото» пьесаларын қазақшалағанын, Әлімбек Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» шығармасын орысшалағанын жеткізді. Торғай облысы жабылғаннан кейін, Серке Қожамқұлов театрының Жезқазған қаласына көшіріліп, ұйымдастырылуына, музей ісіне сүбелі үлес қосқанын атап өтті. Қайырбек Сәдуақасовты жұрт көзінің тірісінде «Жезқазғанның Жәнібекові» атағанын тілге тиек етті.

Қайырбек Изатбекұлы 2002 жылдан өмірінің соңына дейін, ширек ғасырға жуық уақыт елордада тұрды. Көлік және коммуникациялар министрлігінің баспасөз хатшысы, одан соң Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің баспасөз қызметі жөніндегі кеңесшісі қызметтерін атқарып, осы салада да жемісті еңбек етті.

Белгілі ақын, қоғам қайраткері Қуаныш Мақсұтов Қайырбек Изатбекұлының ұлттық құндылықтарды сақтап, насихаттаудағы еңбегіне тоқталды. Сонда өзінің Дәмеш Ермекова-Жүргеноваға жоқтаушы болуына Қайырбек ағаның тікелей ықпалы тигенін, бағыт-бағдар бергенін жеткізді. Қайырбек Изатбекұлы «Өлкетану мәселелері мен рухани қазыналарды насихаттауды тиімді ұштастыру» атты әдістеме әзірлеп кеткенін, мұны жүзеге асыруды қолға алу керектігін айтып өтті.

Қайырбек Сәдуақасов Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев сынды Алаш ардақтыларымен бір топырақта туып, олардың сарқытындай азамат еді. Өзі де алаштанумен айналысты. Кезінде академик Манаш Қозыбаев соған риза болып: «Қайырбек ұлт көсемі Әлекеңнің (Бөкейхан) сан қырлы саяси, қайраткерлік, ғалымдық, қысқасы, ұлтжандылық ұлы сипаттары туралы жазып жүр екен. «Ғылыми жұмыспен айналысып, Әлекең туралы тақырып ал, жетекші болуға дайынмын» дедім. Ол оның қолынан келеді» деп жазып кеткен. Бұл деректі «Құлабыз – ғұмыр» кітабын құрастырушылардың бірі, ақын, ғалым Ғазиз Ештанаев келтірді.

Тағы бір академик Дихан Қамзабекұлы «Қайырбек Изатбекұлы ғалымдардың ортасында ғалымша, ақын-жазушының арасында суреткерше сөйлей алатын. Астанада қолынан қаламы түспеді... Байыпты, салмақты, ең бастысы, аса алашшыл-тын. Әлихан мен Әлімханға қатысты қариялардың құлағында қалған туыстық, адами, әулеттік дерекке жүйрік-тін» деп жазды. Бұл деректі жоғарыда аты аталған кітаптан алдық.

Кітап демекші, «Мен де өтемін өмірден әлемді ойлап» кешінің өтуі Халықаралық кітап сыйлау күніне сәйкес келді. «Құлабыз – ғұмырдың» бірнеше данасы Ұлттық академиялық кітапхананың қорына тапсырылды. Қайырбек Изатбекұлы көзінің тірісінде өзінің шәкірті, осы кітапхана басшысы Күміс Сейітова мен Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға кітаптарын сыйлауды жоспарлаған екен. Қолтаңба да жазып қойыпты. Алайда денсаулығы сыр беріп, ақыры ауыр дерт алып тынып, үлгере алмай кетті. Оның аманатын кеште туған бауыры Нақыпбек Сәдуақасов орындады, яғни ағасы дайындап қойған кітаптарды Күміс Қарсақбайқызына тапсырды.

ҚАЗІР ХАЛЫҚ ӘН АЙТА МА?

Қазақ о бастан қонақсыз отырмаған. Мейрам күндерін айтпағанның өзінде, апта сайын болмаса да, айына қонақ күтпейтін шаңырақ жоқтың қасы. «Күнде жиын, күнде той» қазаққа ғана тән секілді. Қазір қонақтықтар мен той-думандардағы отырыстарға назар салсақ, бұрынғыдай қазақы әндер шырқалмайды. Әсіресе қонаққәде айтыла бермейді. Арнайы шақырылған әншілер өнер көрсетеді. Бұрын дастарқан басындағы қуанышқа жиналған ағайын ауылдың алты ауызын сұрайтын. Қазір бұл ұмыт бола бастады ма, әлде қазақы әнді айтуға құлқымыз болмай кетті ме? Ойланатын мәселе.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Ән айту – тек көңіл көтеру ғана емес, ұрпақты тәрбиелейтін, рухты көтеретін, ұлттық болмысты сақтайтын баба дәстүрі. Бүгінде бұл үрдістің әлсіреуіне қандай себеп болғаны беймәлім, әйтеуір дастарқан басында ән айтылмайтын болды.

– Жиын-тойларға жиі барамын. Тек ақысын төлеп шақырған әншілер шырқайды. Асаба да ақылы. Шынында, қарапайым халық ән айта бермейді. Тіпті бірде-бір әннің сөзін білмейміз де... Қонақтықтарда ән айтудың орнына телефоннан немесе колонкадан қосылған жеңіл әуендер ғана қойылады. Соған етіміз үйреніп кеткен сыңайлы. Жасырып қайтемін, жастар арасында қазақы әндерді білетін, домбыра тарта алатындардың азаюы да әсер етуі мүмкін. Қазір аспапқа үйірсек жастарды көп байқай бермеймін. Ол аз десеңіз, достарымызбен жиналған кезде трендтен аса алмай қалдық. Қазіргі қызық сол болып жатыр, – деді астаналық тұрғын Қасиет Оразбаева.

Рас, уақыттың өзгеруімен бірге талғамның да өзгеруі әсер етсе керек, қазір тренд көбейді.

«Жасы да, жасамысы да қолынан келсін-келмесін осы бір үрдіске тым жақын. Бұған тосқауыл бола алар түріміз жоқ. Себебі жеңіл дүниелерге бейім болып кеттік» деп өз өкінішін білдірді қала тұрғыны.

– Шағын отырыстарды айтасыз, қазір үлкен тойлардың өзінде қонаққәде сұралмайды. Қазақы әндер шырқалмайды. Есті әндер естен шығып кетті. Шәмшінің әндері бұрын жиі шырқалатын еді, қазір олардың орнын ЖИ (жасанды интеллект) басты. Жүректі ауыртар тұсы да осы болып тұр. Басқосуларда бір ән салуды ұмыттық. Ән көңілдің ажары еді. Қазір көңілді кірлетіп алдық. Ән салмақ түгілі, барған қонақтықтан ерте кетуге асығып отырамыз. Себебі ән айтуды айтасың, әңгіме айтылмайтын болды. Телефонға телміріп отырады. Қасірет пе, қасірет, – дейді Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Мұхарбек Жәкейұлы.

– Қазақтың халық әндері және одан бергі Шәмші, Әбілахат, Ескендір ағаларымыздың әндері ұлттық мұрамыз еді. Ұлттық идеологиядан алыстап бара жатырмыз. Радио, телевидениеде көркемдік кеңестерді қайта құру керек. Онда оңы мен солын білмейтін жас балалар емес, арнайы білімі бар мамандар жұмыс істеуі қажет. Сол арқылы халықтың құлағына қайтадан есті әндерді сіңіру керек, – дейді композитор Қайрат Жүнісов.

Иә, бұрын қонақ күтудің сәнін келтіретін ерекше дәстүрдің бірі ән салу, қонақтан сұралатын қонаққәде еді. Үйге келген адам тек ас ішіп, төрде отырумен шектелмей, өнерін көрсетіп, бір ән айтып, күй тартып немесе жырдан үзінді орындап, үй иесіне құрмет білдіретін. Бұл әрі әдеп, әрі өнерге деген сыйластықтың белгісі болатын. Баба салтында қонаққәде сұрау ешқашан ыңғайсыздық тудырмаған. Керісінше, ол отырысты қыздырып, адамдарды жақындастыратын. Үлкендер халық әндерін айтса, жастар терме не лирикалық ән шырқап, домбыраның үнімен кештің көркін ашатын. Осылайша, әр қонақ өз үлесін қосып, отырыс тек дастарқан басындағы әңгімемен ғана емес, рухани бай мазмұнмен өрбитін.

Қазір, өкінішке қарай, қонаққәде ұмытылып барады. Қонақтан ән сұраудың орнына «ұялып қалар» деген оймен дайын музыкаға жүгінеміз. Соның салдарынан тірі ән, шынайы эмоция, қазақы отырыстың жылуы азайып барады. Ал қонақкәде – біреуді ыңғайсыз жағдайға қалдыру емес, керісінше, әр адамның бойындағы өнерді ояту, ұлттық дәстүрді сақтаудың бір жолы.

– Өз басым шаңырағыма шақырылған қонақтардан қонаққәде сұраймын. Бірі күй тартып береді, бірі өлең оқиды. Бұл дәстүр отбасымызда үзіле қойған жоқ. Себебі дәстүрге айналды. Өзімнің де аздап өлең оқып, ән салатын қасиетім бар. Сондықтан «отырыстарда ән шырқалмайды» дегенге келісе қоймаймын. Қандай қонақтыққа барсақ та бәрі өз орнымен болып жатады, – деді журналист Данияр Сейсенбаев.

Қазіргі уақытта кейбіреулер қазақы әндерді «ескі», «ауыр» деп қабылдап, заманауи, жылдам ырғақты әндерді таңдауға бейім. Алайда бұл ұлттық әндердің құндылығы төмендеді деген сөз емес. Қалай болған күнде де, ән – халықтың жаны, жүрегі. Ән айтылған жерде рух та, тәрбие де бар. Біз көз көріп, құлақ естігенді ғана қағаз бетіне түсірдік, бұл жайында ойлы оқырман не дер екен?..

№19 (4917) 17/02/2026 Сейсенбі





ҮШ ЕЛДІҢ РУХАНИ КӨПІРІ

Бас қалада Қазақстан, Оңтүстік Корея және Ресей театрларының бірлескен халықаралық жобасы – «Париждегі екі әйел» спектаклінің премьерасы өтті.

Қазақстан тарапынан қойылымға Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының әртістері қатысты. Сонымен қатар спектакльде Ресейдің Станиславский атындағы Электротеатры мен Оңтүстік Кореяның PIAC театрының актерлері де өнер көрсетті. Сондықтан бұл – тек спектакль емес, үш елдің өнері мен тарихи жады тоғысқан терең мәдени диалог.

Қойылым сахнасында екі кейіпкердің әңгімесі арқылы Кореяның тәуелсіздігі жолында күрескен жандардың тағдыры баяндалады. Бірақ оны өзгеше еткен – Қазақстан, Корея және Ресей театр әртістерінің бір сахнада өнер көрсетуі. Шығармашылық бірлік жобасының негізгі идеясы да халықтар арасындағы тарихи және рухани үндестікті көрсету. Қойылым құрамының таңдалуы да жайдан-жай болмаған. 2024 жылдың қаңтарында Ра Чжин Хван – PIAC (Performing Image Art Center) театрының көркемдік жетекшісі – Қазақстанға арнайы келіп, кастинг ұйымдастырған. Соның нәтижесінде еліміз атынан Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының әртістері Асылбек Қапаев пен Ақмарал Танабаева таңдалып алынған. Олардың қасында Станиславский атындағы Электротеатр және кореялық PIAC труппасының актерлері де бар. Спектакль оқиғасы 1940-жылдардағы Парижде, Люксембург бағында өтеді. Мұнда Кореяның алғашқы кәсіби әйел суретшісі әрі тәуелсіздік жолындағы күрескер На Хэ Сок пен Раневская – Антон Чеховтың «Шие бағындағы» кейіпкері – кездеседі. Сөйтіп, тарихи тұлға мен әдеби образдың осы диалогы арқылы қойылым тәуелсіздік ұғымын жеке тағдырлар арқылы ашып береді. Сондай-ақ қойылым тек корей азаттық қозғалысын ғана емес, Еуразия кеңістігіндегі диаспора тарихын да қамтиды. Мұнда Юн Дон Джу мен И Юк Са поэзиясы, сондай-ақ Фёдор Достоевский, Александр Пушкин және Абай Құнанбайұлы шығармаларымен астасып жатты. Қазақ әндерінің қосылуы қойылымның эмоциялық кеңістігін кеңейтіп, азаттық идеясын ұлттық шеңберден шығарып, жалпыадамзаттық деңгейге көтерді.

Бұл спектакль Оңтүстік Кореяның тәуелсіздігіне 80 жыл толуына арналған. Алғашқы премьерасы 2025 жылы Сеулде өткен екен. Ал Астанадағы көрсетілім Корея Республикасының елшілігі жанындағы Корей мәдени орталығының қолдауымен ұйымдастырылды. Режиссер Ра Чжин Хван: «Бұл жұмыс өткенді еске алу үшін ғана емес, ауыр тарихи тәжірибе арқылы бүгінгі адамды түсіністікке жетелеу үшін жасалған. Шынында, сахнадағы екі әйелдің әңгімесі арқылы қойылым бізге тарихты бірге көтере отырып, болашақты бірге құра аламыз ба деген сауал тастайды» деді.

Расында, спектакль тарихи реконструкция ғана емес, халықтар арасындағы рухани көпір іспетті әсер қалдырады көрерменге.

ЖОЛТАЙДЫҢ КІТАПТАРЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Ұлттық академиялық кітапханада жазушы, драматург Жолтай Әлмашұлы шығармаларының таныстырылымы өтті. Әдеби кеш барысында қаламгердің «Олигарх қазақ», «Көктүрік сарыны» және «Клятва любви» атты кітаптары оқырманға жол тартты.



Жазушымен кездесуді кітапхана ұжымы және «Көкжиек-Горизонт», «Бек-Дидар» кітап баспалары ұйымдастырды. Шараның тізгінін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының комитет төрағасы, депутат, журналист-қаламгер Нұртөре Жүсіп ұстады.

Автордың айтуынша, «Олигарх жолы» романының алғашқы бөлігі 2017 жылы жазылып, толық нұсқасы 2024 жылы аяқталған. Шығармада жас күнінде Америка құрлығына аттанып, атақты кәсіпкер Томас Трамстың қолында тәрбиеленіп, 20 жыл ішінде ірі бизнес иесіне айналған Аспан Шуани есімді кейіпкердің тағдыры суреттеледі. «Көктүрік сарыны» драмалық шығармалар жинағына тарихи пьесалар топтастырылған. Сонымен қатар әл-Фарабиге арналған «Ғұлама-ғұмыр» атты екі бөлімді тарихи драма, «Бейбарыс сұлтан – Берке хан», «Шыңғыс ханның анасы мен жары», «Хан Кененің қамқоршылары» және Алаш арыстарының образдары арқау болған бірқатар туынды енген. Ал «Клятва любви» – автордың заманауи және тарихи пьесаларының орыс тіліне аударылған жинағы.

Кездесуде Жолтай Әлмашұлына ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хаты табысталды. Кеш барысында сөз алған жазушы Алдан Смайыл, әдебиеттанушы, ғалым Серік Негимов, ақын Ғалым Жайлыбай, жазушы Роза Мұқанова және өзге де зиялы қауым өкілдері Жолтай Әлмашұлы шығармашылығына жан-жақты тоқталып, жаңа кітаптардың қазақ әдебиеті мен ұлттық драматургиядағы маңызын атап өтті.

Жазушының «Күлкі мен көз жасы», «Қаратау қаһары», «Оянған ұрпақ», «Ұмытылған ұрпақ», «Интерадам» романдары мен 50-ге жуық драмалық шығармасы оқырман қауымға етене таныс. Жолтай Әлмашұлы 2017 жылы Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана өткізген сауалнама қорытындысы бойынша «Жылдың үздік драматургі» атанған.

Бетті дайындаған **Шапағат ӘБДІР**



Астанадағы Есіл өзенінің бойында 25-рет «Бұрқасын-2026» қысқы фестивалі өтіп, Милан-2026 қысқы Олимпиадасының қатысушыларын қолдауға арналды.

СПОРТШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА АРНАЛДЫ

– Бұл іс-шараның біз үшін орны бөлек. Өздеріңізге белгілі, Италиядан сүйінші хабар жетіп, 32 жылдан кейін мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров Қазақстанның қысқы Олимпиада тарихындағы екінші алтынды жеңіп алды. 2000 жылдан бері өтіп келе жатқан «Бұрқасын» фестивалі де бұқаралық спорттың дамуына үлкен үлес қосып, қысқы спортты насихаттайды деп сенемін. Біз спорт жарыстарын өткізіп қана қоймай, қысқы Олимпиада ойындары алаңында ел намысын қорғап жатқан спортшыларымызға үлкен қолдау көрсету мақсатында, сондай-ақ «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында бас қосып отырмыз. Осы белсенділігіміз – оларға деген шынайы тілеулестігіміздің белгісі, – деді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Азамат Ағзамов.

Еске салайық, «Бұрқасын» фестивалінде алғашқыда 5 спорт түрі қамтылса, биыл оның саны 13-ке дейін жетті. Соның ішіне шаңғы жарысы, гір спорты, армрестлинг, пимамен хоккей, белбеу күресі, мотокросс, автоспорт, арқан тарту, қысқы мини-футбол, қар лақтыру, қысқы волейбол, мас-рестлинг және тюбинг жарыстары кіреді.

– «Бұрқасын» фестиваліне тұрақты түрде қатысып келемін. Өзімнен бөлек, қызым да шаңғы жарысында өнер көрсетті. Қыстағы спорт тұмаудың алдын алып қана қоймай, төзімді арттыруға сеп болады. Бұл жолғы фестивальдің атмосферасы керемет! – деді Астана қаласының тұрғыны Станислав Зуров.





Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №19

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР